

ЭОЖ 622.882

Т. Қалыбеков, техника гылымдарының докторы

Ы. Жақыпбек, докторант

К.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ

## АШЫҚ ТАУ-КЕН ЖҰМЫСТАРЫНДА СЫРТҚЫ ҮЙІНДІҚҰРУДАҒЫ ЖЕР ТЕЛІМІНІЦ БҰЗЫЛУ РЕЖІМІН ЗЕРДЕЛЕУ

Макалада ашық тау-кен жұмыстарындағы сыртқы үйіндікүруда топырактың құнарлы қабатын қызып алуды жоспарлау және басқару мақсатымен жерлердің бұзылу режимін зерделеу көлтірген.

В статье приведено изучение режима нарушения земель с целью планирования и управления снятия плодородного слоя почвы при внешнем отвалообразовании на открытых разработках.

This paper contains a study of the mode of violation of land for the purpose of planning and management of removal of topsoil by external stacking at surface mines.

**Түйінді сөздер:** карьер, үйіндікүру, жерлердің бұзылу режимі, топырактың құнарлы қабаты, рекультивация.

**Ключевые слова:** карьер, отвалообразование, режим нарушения земель, плодородный слой почвы, рекультивация.

**Key words:** open pit, stacking, violation mode of land, fertile soil layer, recultivation.

Күртқұлама және көлбеу жатқан пайдалы қазынды кенорындарын ашық әдіспен игеруде аршыма таужыныстарын сыртқы үйінділерде орналастыруға тұра келеді. Сонда әр жыл сайын карьердің аршыма таужыныстары бойынша өндірістік қуатына, үйіндінің пландық және бийктік параметріне байланысты үйіндікүру барысында үйінді алаңындағы жер телімі бұзылады. Осында үйінді шебі алдындағы бұзылатын жер телімдерінен үйіндікүруды жалғастыруға байланысты топырактың құнарлы қабатын үақтылы қызып алуға тұра келеді. Осы мәселені дер кезінде шешіп отыру мақсатымен нақтылы кенорнын игеруде үйіндікүрудады жер телімінің бұзылу режимін зерделеудің практикалық маңызы зор деуге болады. Сондықтан үйіндікүру барысында жер телімінің бұзылу режимін анықтау бұзылатын жерлерден топырактың құнарлы қабатын қызып алууды жоспарлаудың және рекультивациялық жұмыстарды басқарудың мүмкіндігін туғызады.

Пайдалы қазынды кенорындарын ашық әдіспен игеру кезінде сыртқы үйіндіні қалыптастырудың технологиялық сұлбасын жобалауда, рекультивациялауды тиімді жүргізуі, тау-кен геологиялық және аумақты ландшафтық ұйымдастыру вариантарын экологиялық-экономикалық салыстыру негізінде, мынадай факторлар есепке алынады:

- өндіріс қалдықтарын-аршыма таужыныстарды қоймалауға арналған жер телімі аумағының бедері;
- үйінді орнын таңдауда жел бағыты кестесінің, өзендер мен суагарлар ағысының, елді мекендер мен кәсіпорындардың орналасуының және санитарлық-корғау белдемінің анықталған мөлшерінің сақталуы;
- карьер аланы шекарасына қатысты үйіндінің орналасу орны және оның жіккабаттығы;
- үйінді параметрлерінің және рекультивацияланатын беттіктің келешектегі пайдалану бағытының таңдалуы;
- үйінділік жіккабаттарды толтыру тәсілі мен үймелу жұмыстары шебінің жылжу тәртібі;

• әрбір үйіндіге бөлінетін жер телімдерінің өлшемдері мен үйінділердің өзара орналасуы және пішіндері;

• рекультивацияланатын жерлердің бедері мен пішіндері, оларды нәтижелі пайдаланудың қамтамасыз етілуі;

• әлеуетті құнарлы таужыныстарын сұрыпташ қызып алу және оларды үйінді бетінен рекультивациялық қабатты құру мақсатымен жеткілікті көлемде орналастыру тәсілі.

Үйіндікүрудың шебіндегі бұзылатын жерлерден топырактың құнарлы қабатын қызып алууды үйімдастыру келешекте аршыма таужыныстарын үйінділеуге жер телімін дер кезінде дайындауды көздейді. Осыған байланысты, үйінді жұмыстарын бірқалыпты дамыту мақсатында, үйіндікүру кезінде жерлердің бұзылу режимін мұқият зерделеудің қажеттігі туады. Осы мәселені шешудің мақсаты кенорын ашық әдіспен игеруде үйіндікүруға бөлінген жер ресурстарының тиімді пайдалануын қарастыру болып саналады. Осында тағы да ашық тау-кен жұмыстарында сыртқы үйінділердің кескін үйлесімі әртүрлі болатындығын ескерген жөн, өйткені үйіндікүрудың жер телімінің бұзылуына тигізетін әсері де әралуан болады. Осыған орай пайдалы қазынды кенорындарын ашық әдіспен игеруде аршыма таужыныстарын сыртқы үйіндіде орналастырғанда жерлердің бұзылу режимін зерделеу келесідей тізбекпен жүргізіледі:

• карьер бойынша тау-кен жұмыстарының дамуына және күнтізбелік жоспарына сәйкес ашық кеніштегі аршыма таужыныстарының жылдық көлемі анықталады;

• жобаға сәйкес пландагы үйінді жұмыстарының даму бағыты және үйінді жіккабаттарын қалыптастыру тәртібі айқындалады;

• үйінді алаңында аршыма таужыныстарын орналастыру тәртібі мен үйіндікүрудың бийктігі таңдалады;

• ашық кеніштің аршыма таужыныстары бойынша жылдық өнімділігіне сәйкес жерлердің бұзылу режимін

анықтау мезгілінде үйінді теліміндегі бұзылатын жер мөлшері табылады;

- үйіндікүрга арналған және де жыл сайын бұзылатын жер телімінің мөлшерін айқындау үшін үйіндінің пішіндері мен қоймаланатын аршым таужыныстарның көлемін ескеретін аналитикалық формулаарды ұсыну.

Аршым таужыныстарын үйіндіде қоймалағанда, оның ауданының толтырылуы біркезендік және көпкезендік, сонда үйіндікүрудың биіктігі тұракты немесе өзгермелі болуы мүмкін [1]. Ашық тау-кен жұмыстарында үйіндінің пландағы даму бағытыбылайша ажыратылады: біржақты "бойлық және көлденен, екіжақты бойлық және көлденен, тарамдық, орталықтық және шеткілік.

Үйіндікүруды әрбір жіккабатпен біртіндеп қалыптастыру кезінде алдымен биіктігі төменгі жіккабаттың биіктігіне тең алғашқы үйме түзіледі де, содан соң үйіндінің барлық ауданында бірінші жіккабатты толығынан қалыптастырады. Үйінді жұмыстарының шебі жер телімі шекарасына жеткеннен кейін, үйіндінің екінші жіккабатын қалыптастырады. Осында үйіндінің бірінші жіккабаты қалыптасқан кезде үйіндіге бөлініп алынған жер телімі толығынан бұзылады да, соның себебінен жер ресурстары тиімді пайдаланылмайды.

Үйіндідегі барлық жіккабаттарды бір мезгілде қалыптастырғанда үйінділік жұмыстар мынадай тізбекте жүргізіледі. Алдымен жіккабаттарды қалыптастырғанда, олардың ең аз мерзімде жобадағы биіктігіне дейін жетуін қарастырған жөн болады. Осыдан кейін барлық жіккабаттардың жұмыс шебі тең бағытта дамытылады да, үйінді толық биіктігіндегі қалыптастып отырады. Жіккабаттардың бастапқы кезеңінің қалыптасу ұзактығы қоймаланатын аршым таужыныстарының жылдық көлеміне пропорционал болады. Үйінді жобалық биіктікке жеткенде барлық жіккабаттар бір мезгілде қалыптастырылады. Осы жағдайда жерлердің бұзылу қарқындылығы үйіндінің параметрімен, ашық кеніштің өнімділігімен және аршу коэффициентімен анықталады.

Сыртқы үйіндінің қалыптастырудың технологиялық сұлбасы аршым таужыныстарын планда және профилде қоймалау бағытмен сипатталады. Үйіндінің қалыптастыру сұлбасын және оның параметрлерін негіздеуді реттеу үшін сыртқы үйінділерді жазық, аз ойлы-қырлы және еңкіш жерлерде орналасқан деп бөлуге тұра келеді. Осында үйіндінің пландағы табан бедереі әртүрлі болуы мүмкін.

Үйінділерді осылай бөлу жерлердің бұзылу режимін және қайта қалпына келтірілу дәрежесін көрсетуге мүмкіндік тудырады. Үйінділердің еңкіш аудандарда орналасқанында, бастапқы кезеңде үйіндінің қалыптасуындағы жер телімінің бұзылуының жоғары қарқындылығы байқалады. Үйінді дамыған сайын оның биіктігі жоғарылайды да, үймелеген жұмыстарының жерсыйымдылығы азаяды. Жазық және аз ойлы-қырлы жерлерде үйіндідегі жұмыс аймағы орындары бірқалыпты кезде, жерлердің

бұзылу режимі тұракты болады. Үйінділерді таубеткейінде орналастырғанда, оның сілемінде еріген және жерасты сұы, атмосфералық жауын-шашын әсерінен және басқа да факторлардың даму үдерістерінен, көшкіндік құбылыстар мен табиғи ландшафттардың мерзімінен бұрын бұзылыстарға ұшырау жағдайы туындауы мүмкін.

Ашық тау-кен жұмыстарында игерудің терендету жүйесін қолданғанда аршым таужыныстары негізінен сыртқы үйінділерде қоймаланады. Аршым таужыныстарының жылдық көлеміне байланысты, оларды сыртқы үйінділерде қоймалау үшін жер телімдері дайындалуы тиісті. Үйінді ауданын дайындау аршым таужыныстарын қоймалауға арналған жерлерден алдын ала топырактың құнарлы кабатын қазып алынатындығын көздейді. Үйінді алаңының бұзылатын жерлері параметріне негізінен үйіндінің жіккабаттығы, олардың бір мезгілдегі қалыптастырылуы мен биіктігі және қоймаланатын таужыныстардың жылдық көлемі әсерін тигізеді.

Үйіндіге қоймаланатын таужыныстардың көлеміне, оның биіктігіне және беткейді жаймалаудан кейінгі киябеттің нәтижелі бұрышына байланысты үйінді орналасқан жер аумағы дөңгелек пішінді болғанда мына формуламен анықталады [2]:

$$S_{\text{I}} = \pi \left( \sqrt{VKp/\pi H} + Hctgy/2 \right)^2, \text{ м}^2, \quad (1)$$

мұндағы  $V$  – аршым таужыныстарының үйіндіде қоймаланатын көлемі,  $\text{м}^3$ ;

$H$  – үйінді биіктігі,  $\text{м}^2$ ;

$\gamma$  – үйінді киябеттің нәтижелі бұрышы, градус;

$K_p$  – аршым таужынысының копусу коэффициенті.

Үйінді алаңы шаршы пішінді кезінде аршым таужыныстарын қоймалауға арналған жер ауданы келесі формуламен анықталады:

$$S_{\text{II}} = \left( \sqrt{VKp/H} + Hctgy \right)^2, \text{ м}^2. \quad (2)$$

Үйіндінің орналасқан орны тікбұрыш пішінді кезде қоймаланатын таужыныстар көлеміне, үйінді биіктігіне және оның киябетін жаймалау үшіншін байланысты жер телімі мына формуламен анықталады


$$S_{\text{III}} = \left( \sqrt{VKp/nH} + Hctgy \right)^2, \text{ м}^2, \quad (3)$$

мұндағы  $n$ -пландағы үйінді ұзындығының еніне қатынасы.


Жоғарыдағы келтірілген формулаларды пайдаланып сыртқы үйіндінің пішіні және қоймаланатын аршым таужыныстарының әртүрлі болған кездегі үйіндіге арналған жерлердің мөлшерін айқындауға мүмкіндік тудады. Осыған сәйкес бұзылған жерлердің мөлшерін анықтау мақсатында таужыныстардың әртүрлі көлемін қоймалағандағы үйінді телімінің бұзылу ауданын анықтау графигі берілген (1-сурет). Сыртқы үйінділердің дамуы мен қалыптасуының әртүрлі сұлбалары үшін орындалған есептеулер үйінді жіккабаттарының пландағы және профилдегі бір мезгілде жылжу сұлбасы ашық кенішке бөлінген жер ресурстарын тиімді пайдаланудың талаптарына сай екендігін көрсетеді [3, 4].

Кенорындарын ашық әдіспен игеру барысында карьерден шығарылатын аршыма таужыныстарды параметрлері әртүрлі үйінділерде қоймалауға тұра келеді. Осы кезде үйінділестін аршыма таужыныстарының қоймаланатын көлеміне байланысты үйінді алаңындағы жыл ішінде бұзыллатын жерлердің мөлшерін анықтау графигі 2-суретте келтірілген. Үйіндікүру кезінде жер телімінің бұзылу режимін айқындау арқасында осы жерлерден құнарлы топырак қабатын қазып алууды жоспарлаудың және рекультивациялық жұмыстарды тиімді басқарудың мүмкіндігі пайдалады.

Сонымен ашық тау-кен жұмыстарында үйінкүру барысындағы жерлердің бұзылу режимін зерделеу нәтижесінде рекультивациялық жұмыстарды оңтайлы жоспарлаудың және басқарудың жолдары айқындалады. Сонда үйінкүруға әсерін тигізетін факторларды жан-жақты талдау арқасында кенорындарын ашық әдіспен игерудегі рекультивациялық жұмыстарды оңтайлы жүргізуге қол жеткізуге болады. Осылайша үйіндікүрудың және оны қалыптастырудың технологиялық сұлбаларын тандау негізінде ашық кенішке бөлінген жер ресурстарын нәтижелі пайдалануға және топырактың құнарлы қабатын дер кезінде қазып алушмен байланысты рекультивациялық жұмысты тиімді орындауга мүмкіндік туады.



1 сурет. Аршыма таужыныстарын қоймалағандағы бұзыллатын ауданды анықтау графигі.



2 сурет. Үйінді алаңындағы бұзыллатын жерлерді анықтау графигі.

#### ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Томаков П.И., Коваленко В.С. Рациональное землепользование при открытых горных работах. – М.: Недра, 1984. -213с.
2. Чулаков П.Ч., Бегалинов А., Калыбеков Т. Интенсификация рекультивации нарушенных открытыми горными работами земель. – Алматы: Гылым, 1994. ч.1,2. – 272 с.
3. Калыбеков Т., Жакыпбек Ы. Обоснование расчетных формул горно-геометрического анализа карьерного поля // Materialy IX Mezinarodni Vedecko-Prakticka Konference «Zpravy vedecké ideje-2013». Technicke vedy: Praha. Publishing House «Education and Science» s.r.o, 2013. – Dhl 25. – С. 69-72.
4. Калыбеков Т., Рысбеков К.Б., Жакыпбек Ы. Изучение нарушения земель карьерного поля на основе горно-геометрического анализа // Горный журнал Казахстана. – Алматы, 2013. №11. – С.52-54.